Зайырлы мемлекет ретінде Қазақстан конфессияаралық шиеленістердің алдын алу шараларын қабылдауға кепілдік береді. Сонымен қатар, билік ұлттық қауіпсіздік пен қазақстандықтардың өміріне қауіп төндіретін діни экстермизмнің кез келген көріністерімен тиімді күрес жүргізуде. Елімізде мемлекеттің дінге, ал діннің мемлекеттің басқару ісіне араласпау қағидасы орныққан. Бұл, өз кезегінде, мемлекеттің зайырлылық мәртебесін және қоғамдағы конфессиялардың теңдігін қамтамасыз етеді.

Қазіргі жағдайда Қазақстанда 18 конфессияны таныстыратын үш жарым мыңнан астам діни бірлестіктер мен олардың филиалдары қызмет етеді. Дін саласындағы заңнама

да қоғам дамуымен жетілуде. 1992 жылы қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңмен алмастырылды. Жаңа заңға сәйкес 2012 жылы діни бірлестіктерді мемлекеттік қайта тіркеу шаралары ұйымдастырылды. 2011 жылдың 21 мамырында Елбасы Жарлығымен дін саласындағы уәкілетті орган – Дін істері агенттігі құрылса, 2016 жылы оның ауқымы кеңейтіліп, Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі қызметіне кірісті. Қазақстанның 2017–2020 жылдарға арналған дін саласындағы мемлекеттік саясатының тұжырымдамасы қабылданып, негізгі жұмыс бағыттары мен ба-сымдықтары айқындалды. Тұжырымдама аясында дін саласындағы заңнамаға бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізу жоспарланған.

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанында елдегі бірнеше конфессия басшыларының басын қосу негізінде құралған Діни бірлестіктермен байланыс бойынша кеңес дін мәселелері жөнінде ұсынымдар бере алады. Конфессияаралық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарып жатқан Діни бірлестіктердің қауымдастығы, Қазақстан дінтанушыларының конгресі сияқты қоғамдық ұйымдар да құрылған.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты мемлекеттің дін саласына, ал діннің мемлекеттік басқару ісіне араласпау қағидасын ұстанады. Мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар конфессияаралық және этносаралық қатынастарда толеранттылық пен келісімді нығайту, діни экстремизмнің таралуына жол бермеу жолында белсенді еңбек етуде.

1995 жылы Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен барлық этномәдени орталықтарды біріктірген Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Шет елдерде аналогы жоқ аталған ұйым жиырма жылдан астам тәжірибесінде өзінің маңыздылығы мен тиімділігін көрсетті.

Исламдық, христиандық және басқа да қауымдастықтардың жетекшілері өңірлік ассамблеялардың мүшелері болып табылады. Олар түрлі деңгейдегі жиындарда бас қосып, өзекті мәселелерді бірлесіп талқылайды.

Аталғандардың барлығы рухани жаңғыру және діни экстремизмге қарсы тұру саласындағы мемлекеттік саясаттың бағыттарының бірі. Екінші буын ретінде дөңгелек үстел басына қалалар мен аудандардағы әртүрлі діндер мен қоғамның өкілдері жиналып, өңір әкімдерінің басшылығымен өткізілетін Рухани келісім күндерін атауға болады. Діндер туралы ғылыми білімнің қажеттілігіне орай ҚР Үкіметі тарапынан жоғарғы оқу орындарына дінтанушы мамандарды даярлау бойынша тапсырыс берілді. Мұндай жұмыс еліміздің жетекші университеттерінде іске асырылуда.

Мемлекеттік органдардың, жетекші конфессиялардың және ғылыми-сарапшылық ортаның әріптестігі негізінде елімізде рухани құндылықтарды насихаттау, діни экстремизмнің алдын алу, зайырлылық пен діни ұстанымдардың өзара қатынасы мәселелері бойынша кешенді іс-шаралар атқарылып жатыр.

Н. Назарбаев өзінің «Сындарлы он жыл» кітабында этносаралық және конфессияаралық қатынастар мәселелеріне ерекше назар аударған. Ол былай деп жазады: «...Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде конфессияаралық жанжалдарға қарсы тұру әрекеттерін қабылдауға кепілдік береді. Бұл ішкі саяси шешімдермен қатар, қандай да бір діннің басымдығын айқындап, басқа конфессиялық ағымдарға зиян келтіретін баптар мен актілерді енгізуге мүмкіндік бермейтін заңнамалық бастамаларға да қатысты» [1]. Елбасының бұл саясаты Қазақстан халқының толық қолдауына ие болды.

Бітімгерлік – ол жанжалдарды тоқтату немесе пацифизмге міндеттеу ғана емес, сонымен бірге ол шиеленістің болу мүмкіндігін жоятын превентивті шаралардың жүйесі. Қазақстанның жоғарғы билігі конфессиялық қауіпсіздікті халықтың рухани әлеуетін қолдау мен мемлекеттік кепілдік жүйесі, діни сенім бостандығы мен конфессияаралық келісімге төнген қатерге қарсы іс-қимыл ретінде анықтайды.

Ғасырлар бойында дін ешбір халық үшін басқыншылықтың құралы немесе қозғаушы күші болған емес. Мемлекеттілік пен ұлттық бірлік идеясының дағдарысы жағдайында елдің қоғамдық-саяси өмірінің сахнасына әлеуметті ынтымақтастырушы рухани идея ретінде дін айқындалады. Әлемдік тәжірибеден қиындыққа толы тарих тоғыстарында қандай да бір елдің тағдыры үшін сенім шешуші рөл атқарғанын көруге болады. Алайда мемлекет рөлінің төмендеуі жағдайында дін факторының алға шығуы жекелеген халыққа ғана емес, барша адамзатқа да қатер төндірген. Десек те, барлық агрессиялық көңіл-күйлер мен көзқарастардың діннің гуманизм мен мейірімділік идеяларына негізделген бітімгерлік әлеуетіне еш қатысы болған емес, болмайды да.

Адамзаттың ортақ өмір тіршілігінің жетістіктері әртүрлі мәдениет өкілі болып табылатын халықтардың бірлескен әрекеті негізінде қалыптасқан. Қазіргі әлемде руханиятты әлеуметтік-философиялық тұрғыдан іздеуде мәдениеттер мен конфессиялардың, әсіресе, Қазақстан жағдайында ислам мен христиан діндерінің үнқатысуы маңызды рөл атқарады. Алайда руханият қоғамдық сананың қандай да бір формасына ғана қатысты емес, себебі оның болмысы гуманистік сипатта және мейірімділік пен әділдік идеалдарына бағытталған, адамзаттың барлығына және жекелеген адамдарға бағдарланған. Сондықтан Қазақстанның стратегиялық міндеттерінің бірі «халықтың сантүрлі топтарының бірлігі, жеке және қоғамдық мүдделердің оңтайлы үйлесімі». Бұл біздің қоғамның консенсустық-иерархиялық дәстүрін толықтырады. Шынымен де, этникалық және діни топтары әртүрлі құқықтарға ие болған елдің болашағы да айқын емес [2].

Өткен мұраға, әлемдік адамзаттық ақыл-ой тарихына жүгіну адамгершілік өзіндік таным, өмірдің мәні мен құндылығы, адамның болмысы мен мәні мәселесіне деген қызығушылық діни философтар мен теологтардың дүниетанымының ажырамас элементі екендігін көрсетеді. Дінде өмір салты мен ақыл-ой өрісіне қарамастан, құдай заңы мен адамгершілік алдындағы адамдардың тең құқықтығы, өз мүдделерін қанағаттандырудағы тең мүмкіндіктер қағидасымен байланысты сенім мен нанымның, қызығушылық пен оптимизмнің жалпыадамзаттық мазмұны жасырынған. Ол өзіндік тазарудың және өмірге қажетті мәңгілік ақиқатты танудың формасын рухтандырады және білімді өмірде қолдану тәжірибесін ашып көрсетеді. Егер діндегі жалпыадамзаттықты байқамасақ, онда ол адамтанудың маңызды қағидасы мен ережесі, сөз даналығы мен іс-әрекет даналығы үйлесімінің тәсілі ретіндегі мәнін жоғалтады.

Н. Назарбаевтың исламдық қасиетті орындарға барып, қазіргі даму кезеңіндегі діннің рөлі мен орны жөнінде жаңаша көзқарас қалыптастырғандығы туралы пікірі де назар аудартады. «Әлбетте таяушығыс аймағының бұл орайда өзіндік ерекшелігі бар. Бұл жерде әлемдік үш дін – христиан, ислам және иудаизм діндері дүниеге келді. Олардың ортақ тамыры және ортақ тарихы бар. Құран Мұхаммед, Мұса, Иса пайғамбарларды бір-бірінен бөліп қарастырмайды. Құран барлық аяндарға сенуге шақырады. Мұхаммедтің өзі басқалар тұрғызған қабырғаға соңғы тасты қаладым деп есептеген. Мазмұндық тұрғыдан ислам біріктіруші сипаттағы дін. Мұхаммедтің пікірінше, барлық діндер ортақ сенімге негізделген. Ол өзінің ешбір түсініктемесімен басқа пайғамбарлардың аяндарын жоққа шығарған емес. Ислам қашанда шыдамды дін болды. Мұсылман елдерінде барлық кезде де түрлі діннің өкілдері бірлесіп тіршілік еткен». Елбасының мына сөздері де негізді: «Меніңше, діннен адамдарды бір-біріне қарсы қоятын емес, біріктіретін бастауларды іздейтін кез келген сияқты. Себебі әлемдегі барлық діндер барша адамзат үшін қарапайым әрі түсінікті ортақ қағидаларға негізделген. Дінді насихат, қатыгездік немесе қудалау құралына айналдыру біздің жүрегіміздегі Құдайдың ісі емес, саясаткерлердің ісі» [3].

Діни руханият қандай да бір ұлттың, халықтың немесе нәсілдің жеке игілігі емес. Ол ұлттар мен нәсілдерден жоғары тұратын, барлығына ортақ және біріктіруші құбылыс. Сол себепті де дін этносаралық шиеленістердің қайнар көзі немесе анықтаушы факторы бола алмайды. П.Я. Чаадаев былай деп жазады: «Бірліктің жоғарғы қағидаттарына негізделген

ілім діннің шынайы рухына мейлінше сәйкес келеді» [4].

Діни руханият дүниеге біртұтастық тұрғысынан қарауға көмектеседі және тіл, этникалық жаратылыс немесе басқа да бір белгілер бойынша жіктелуге мүмкіндік бермейді. Алайда діни мен ұлттықтың жақындасуы зайырлы рухани мәдениеттің діни мәдениеттен, дінге сенушілердің сенбейтін адамдардан алшақтауына бағытталған. Сәйкесінше, шіркеу ұлттық сана-сезімді қалыптастыру мен тәрбиелеуге, ұлттық мәдениетті жаңғыртуға, сонымен қатар этноцентризмнің, ксенофобияның, фанатизм мен діни экстремизмнің қандай да бір көріністеріне қарсы тұруға белсенді қатысуға бейімделеді.

Бүгінде дінаралық үнқатысудың қажеттілігіне ешкім күмән келтірмейді. Бұл идея, белгілі бір деңгейде, өркениеттердің қақтығысы тұжырымдамасына қарсы қойылатын олардың үнқатысу идеясымен сабақтасады. Келісімді қамтамасыз ету үшін, ең алдымен, бір-бірін тыңдау мен естуді үйрену, монологтан диалог немесе полилог тәртібіне көшу қажет.

Бұл процесте Қазақстан салмақты үлгі бола алады. Қазақ жері ертеден діни төзімділігімен ерекшеленген. Бұл жерде әртүрлі тарихи кезеңдерде зороастризм, христиан, буддизм, тәңіршілдік, ислам діндері дамып, үйлесімді тіршілік еткен [5].

Мемлекеттің қазіргі саясатында дінге қарсы немесе діни ұстанымдар жоқ. Азаматтарға ар-ождан бостандығына, діни сенім еркіндігіне кепілдік берілген, алайда діни немесе басқа алауыздық пен өшпенділікті насихаттауға жол берілмейді. Қазақстан Республикасындағы мемлекет қалыптастыру қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, халықтың әл-ауқатын арттыратын экономикалық даму, патриотизм, демократия қағидаларына негізделген.

Еліміздегі полиэтносты халықтың мәдениеті сияқты діни палитрасы да сан алуан. Бұл – біздің үлкен игілігіміз. Дін мен шіркеуге қатысты мемлекеттік саясат қоғамның жіктелуін тудыратын дезинтеграциялық сипатта бола алмайды. Ол, керісінше, қоғамды жіктемей, біріктіруі, адамдарды бір-біріне қарсы қоймай, ынтымақтастыруы қажет. Мемлекет конфессиялар мен деноминацияларды «жаман» немесе «жақсы» деген категорияларға бөлмеуі керек. Оның идеологиясы толеранттылықтан, яғни, дінаралық төзімділік пен барлық діни бағыттардың өкілдеріне сыйласымдылықпен қараудан құралуы тиіс [6].

Елде тұрғындардың діндарлық деңгейінің артуымен, діни бірлестіктер санының артуымен, шетелдік миссионерлер қатарының көбеюімен сипатталатын жаңа діни жағдай қалыптасты. Олардың қызметі де бірмәнді емес. Этникалық мәдениетке тән діндердің жаңа сенушілер үшін «күрес» жүргізбейтін (адам діни таңдауды өз еркімен жасауы керек деген оймен), ал дәстүрлі емес діндер психологиялық ықпал ету арқылы өз қатарларына сенушілерді көп тартуға тырысатын үрдіс байқалады [7].

Көп жағдайда мұндай насихат негативті, тіпті, агрессиялық сипат алады. Миссионерлік мәселесі барлық конфессиялар үшін өзекті, алайда ислам мен православие мұндай жұмысты храмдар мен мешіттердегі насихат арқылы жүргізсе, дәстүрлі емес діндер мен ағымдар насихаттарын ғибадат үйлерінен тыс жағдайда көшелерде, жұмыс орындарында, оқу орындарында, стадиондарда, т.б. жерлерде жүзеге асырады. Тіпті, қайырымдылық қызметінің өзі насихат жұмысына айналған.

Бүгінде Қазақстанда діни алаңды бөлу процесі жүруде. Кейбір дәстүрлі діни бірлестіктер үшін миссионерлер санының артуы бірқатар мәселе туғызды: келушілер санының кемуіне, сәйкесінше қайырымдылық және қаржылық кірістердің азаюына әкелді [8].

Бұл күреске дәстүрлі конфессиялардың жетекшілері қоғамдастықты, БАҚ пен мемлекеттік органдарды да белсенді тартуда.

Қазақстандық қоғамды біріктіруде әртүрлі конфессия жетекшілерінің өзара қарым-қатынасы да орасан зор рөл атқарады. Олардың арасында өзара сыйласымды қатынас орныққан және қажет жағдайда олар әлеуеттерін біріктіруге дайын. Қазақстандағы негізгі

діни конфессиялар болып табылатын ислам, православие, католицизм және иудаизм лидерлерінің діни экстремизмге, дінді саясиландыру фактілеріне қарсы ортақ мәлімдеме, үндеу жасау тәжірибесі де қалыптасқан.

Қазақстанның бұрынғы бас мүфтиі Әбсаттар Дербісалы былай дейді: «Дін, рухани өмірдің басты компоненті ретінде, қоғамдық-саяси өмірден тыс қала алмайды. Мемлекет пен халықтың дамуы елде бейбітшілік пен келісім болған жағдайда ғана мүмкін болмақ. Оған қамқорлық жасау – қандай діннің өкілі екендігіне қарамастан, әр азаматтың борышы. Біз адамдарды бейбітшілікті сүйеге және діндерге төзімді болуға шақырамыз және ислам саяси мақсатта пайдаланылмауы тиіс деген пікірдеміз» [9].

Осы себептерден қазіргі жағдайда қазақстандық саясаттың басты міндеттерінің бірі этносаралық келісімді сақтау мен нығайту ғана емес, сонымен бірге, ең алдымен, діни толеранттылық пен конфессияаралық келісімді сақтау мен дамыту болып табылады. Бұл саланы назардан тыс қалдыру Қазақстан халқының ғасырлар бойы қалыптасқан бірлігіне зиян келтіріп, қауіпті салдарларға әкелуі мүмкін.

«Адамдардың көзін ашып, нағыз толеранттылығын қалыптастыру – ұзақ мерзімді процесс. Барлық деңгейде тәрбиелеу үдерісі болуы керек және Қазақстан, бұл орайда, тыныштықтың, әртүрлі конфессия өкілдерінің бір-біріне толерантты қатынас танытуының жалғыз үлгісі болып табылады», - деп атап көрсетеді Петр әкей. Мәдени тұрғыдан алғанда, Қазақстан халқы қашан да тату әрі ашық болған. Көптеген адамдар бұл елге репрессия кезінде жер аударылып келген. Қазақ халқының ашықтығы негізінде Қазақстан көптеген ұлттардың ортақ шаңырағына айналды.

Астаналық костелдің жетекшісі Петр әкей былай дейді: «Біздің пікірімізше, бұл жер – азап шегушілердің жері. Жазықсыз болса да, өз діни сенімдері үшін мерт болған адамдардың жері. Католик шіркеуінде сенен бұрын өмір сүргендердің ерлігін еске салып отыру үшін әулиелердің күш-қуаты қалдырылатын жерді атайтын реликвиар деген ұғым бар. Қазақстан – әлемнің ең үлкен реликвиары. Күн сайын біз әлемнің осы бір үлкен аумағында қаза болған адамдардың табыттарын, молаларын басып жүреміз. Қазіргі қолымызда бар игілік кешегі өмірін қиғандардың еңбегі. Мемлекет тарапынан діни сенімге түсіністікпен қарау өткен күндердің арқасында мүмкін болды. Мен бұл жерге әлдекімді үйрету үшін емес, керісінше, бұл жердегі адамдар не айтатындығын, қалай өмір сүріп жатқандығын есту үшін келдім.

Бір жағынан, бұл жерде Президенттің парасатты жұмысы байқалса, екінші жағынан халықтың ашықтығы және өткені сезіледі. Философтардың бірі өткенді ұмытсақ, болашақты түсіну мүмкін еместігін айтқан болатын. Қазақстандық тәжірибе соған куә. Осы елде көптеген діни дәстүрлердің болуы соның дәлелі. Мен конфессиялар арасында қандай да бір келіспеушіліктің болғандығы туралы естіген емеспін» [10].

Конфессияаралық және этносаралық толеранттылықты нығайту мәселесі үздіксіз назарда ұстауды қажет етеді. Ішкі саяси тұрақтылық пен қауіпсіздік, Қазақстанның жаңа даму белестеріне қарай сенімді қозғалысы осы екі мәселенің дұрыс шешілуіне байланысты.

Қазақстан ел ішіндегі тұрақтылықты ғана қамтамасыз етуге тырыспайды, сонымен қатар әлем кеңістігіндегі дін өкілдерінің жаһандық конструктивті үнқатысуын орнықтыруға да мүдделі. Осындай саясаттың айқын жетістіктерінің бірі ретінде 2003 жылдан бастап әрбір үш жыл сайын Нұр-Сұлтан қаласында жүйелі негізде өткізіліп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездерін атауға болады. Толеранттылық пен өзара түсіністік атмосферасында әлем елдерінің рухани жетекшілері бір дөңгелек үстелде бас қосты. Қазіргі жағдайда алтыншы съезді өткізумен байланысты дайындық жұмыстары жүргізілуде. Осылайша, Астана әлем картасында конфессияаралық үнқатысу орталығы ретіндегі орны мен рөлін анықтады деуге негіз бар.

Съезд қатысушылары әр жиынның нәтижесінде кез келген діни уағыз-насихаттың өзегі болып табылатын толеранттылық, шындық, әділдік пен сүйіспеншілік сияқты құндылықтарды ілгерілетуге бағытталған Декларациялар қабылдап, ортақ міндеттер

айқындап отырады.

Экстремизм, терроризм және дін үшін зорлық-зомбылықтың басқа да түрлері шынайы діни түсінікпен еш ортақтығы жоқ, адам өміріне қауіпті болып табылады, сәйкесінше, қабылданбауы тиіс делінеді құжатта.

Діни көзқарастар мен сенімдердің саналуандылығы өзара аңдысуға, дискриминацияға және кемсітуге емес, керісінше, әрбір дін мен мәдениеттің бірегейлігін таныстыратын өзара түсіністік пен гармонияға әкелуі керек.

Қатысушылардың пікірінше, барлық діндер толеранттылық пен өзара түсіністікті түрлі халықтардың өзара бейбіт өмір сүруінің құралы ретінде мойындай отырып, әріптестікке ұмтылуы қажет.

Әлемдік және дәстүрлі діндердің көшбасшылары дінаралық үнқатысуды қоғамдық дамудың және барлық халықтардың әл-ауқатын жақсартудың, толеранттылықты, түрлі мәдениеттер мен діндер арасындағы өзара түсіністік пен үйлесімділікті марапаттаудың басты тәсілдерінің бірі, сондай-ақ шиеленістер мен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру тетігі болып табылатындығын ерекше атайды.

«Барлық адамзаттық қоғам өшпенділікті, дұшпандық, төзбеушілік пен ксенофобияны женуде қолдау табуы керек. Біз жаңа мыңжылдықта бейбітшілікті қамтамасыз ету мақсатында рухани құндылықтар мен келіссөздер мәдениетін алға жылжыту ісінде ынтымақтастықты күшейтуіміз керек.

Біз діни айырмашылықтарды өшпенділік пен іріткі салу аспабы ретінде пайдалануына жол бермеу және адамзатты діндер мен мәдениеттердің жаһандық жанжалдарынан сақтап қалу үшін бар күшімізді жұмсауға әзірміз» [11].

Жалпы алғанда, бүгінде Қазақстанның жағдайды тұрақтандырушы рөлі тек Орталық Азия аймағымен ғана шектелмейді, оның миссионерлік қызметі әлдеқайда ауқымды деуге болады. Бұл, ең алдымен, Елбасының алғашқы жылдардан бастап жүргізіп келе жатқан ішкі саяси бағдарымен байланысты айқындалады. Орталық Азиядағы экстремизм мен терроризмнің таралуымен күрестің келешегіне келер болсақ, қазақстандық билік мақсатты түрде олардың кез келген көрінісімен күресті жалғастыратын болады. Экстремизм мен терроризмнің ұлттық белгісі жоқ, олар ұлттықтан тыс құбылыстар. Ел басшылығының басты ұстанымының мәні де осымен байланысты.

Республика ТМД кеңістігіндегі шиеленіссіз ұлттық дамудың үлгісіне айналды. Соның негізінде Елбасы Н. Назарбаев қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді тәуелсіздік жылдарындағы елдің басты жетістігі ретінде атап көрсетті. Бұл республикадағы ұлт қалыптастыру саясатының және этносаралық қатынастардың тарихи-мәдени ерекшеліктерімен байланысты.

Бейбітшілік пен келісім өздігінен келген жоқ. Олар – адамдар қоғамымен жүзеге асқан жасампаз процестің нәтижесі.

Бүгінде Қазақстандағы дін – адамдарға абсолютті жалпыбірлікті мойындау, жіктелмей, бірлесу үшін берілген түрлі этникалық субстраттарды ынтымақтастырудың қуатты әрі сенімді құралы.

Қазіргі даму кезеңінде дін адамдарды рухани жақындастырып, уақытша жоғалтқан мәңгілік құндылықтарына қайтаруға ықпал етеді. Әр конфессия еліміздің оңтайлы дамуына өзіндік үлес қоса алады. Этносаралық келісім мен рухани бірлікке қол жеткізуде олардың әрқайсысының әлеуетті мүмкіндіктері бар.

Саналуан мәдениеттер мен рухани дәстүрлер тоғысатын ортақ әлемдік өркениетке ілгерілеу жолында адамзаттың өмір тіршілігінің басты қағидалары ретінде түсіністік, шыдамдылық пен төзімділік қағидалары айқындалады. Ол барлық мәселе бойынша толық келісімге келуді білдірмейді, олай болса, жер бетіндегі адамдардың мүдделері мен құндылықтарының саналуандылығын сақтау мүмкіндігі жойылады. Алайда жекелеген адамдар, этностар, конфессиялар, сондай-ақ жалпыадамзат үшін де, бұл түйісу мен өзара мәдени алмасудың жолы болмақ. Бұл жерде мәселе жаңа планетарлық руханият идеясын іздеу жөнінде болып отыр.

Литература

1. Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. – Алматы: Атамұра, 2003. - С. 96.
2. Назарбаев Н.А. «Казахстан - 2030». Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана // Казахстанская правда, 11.10.97. – С. 6.
3. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. - Алматы. - Онер, 1996. – С.250-251.
4. Бубнович Н. Религия и общечеловеческие ценности // Мысль.- 1995.- №3. – С.39.
5. Цепкова И.Б. Политика и религия. - Алматы, 2003. - С. 49.
6. Машан М. Возможная роль Казахстана в межрелигиозном диалоге. // «Глобальное управление на поворотном этапе: инновационные подходы к установлению мира в изменяющемся обществе». Международная научно-практическая конференция. - Алматы, 27 августа 2003. – С.79.
7. Жусипов Б.С. Республика Казахстан: проблемы политики безопасности. // Под ред. проф. Т.С. Сарсенбаева. Алматы, 2001. - С.36.
8. Колчигин С.Ю. Буддизм // Религии в Казахстане: хрестоматия в 2-х частях. Ч.2. Составители: Артемьев А.И., Колчигин С.Ю., Цепкова И.Б. - Алматы, 2003.- С.18.
9. Сидоров О. Религиозный фактор в РК. - URL: www.Gazeta.kz (дата обращения: 10. 09. 19).
10. Мухашов А. Святой престол и стратегия мира // Казахстанская правда. 28-29 авг. 2001 года (католики и Римско-католическая церковь в Казахстане).
11. Декларация Съезда мировых религий в Астане. - URL: www.dialog.inform.kz (дата обращения: 10. 09. 19).

Ғ. Досмахамбетұлы, М.Ю. Онучко

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Межконфессиональный консенсус как основа стабильности Казахстана

Аннотация. Статья посвящена анализу казахстанской практики по формированию модели межконфессионального согласия как фактора стабильности. Рассмотрены социокультурные, правовые механизмы государственной политики в области регулирования межконфессиональных и государственно-конфессиональных отношений. Раскрываются особенности казахстанской светскости и мер по противодействию конфликтам межрелигиозного характера. Также описывается роль Ассамблеи народа Казахстана в обеспечении мира и согласия в условиях полиэтноса и полифонического общества.

В статье содержится ценная информация для политологов, религиоведов, социологов, юристов, студентов и магистрантов, обучающихся по социальным и гуманитарным специальностям, а также для государственных служащих, занимающихся регулированием государственно-межконфессиональных отношений, и других членов сообщества, заинтересованных в этом вопросе.

Ключевые слова: конфессиональное согласие, светское государство, религиозный диалог, толерантность.

G. Dosmakhambetuly, M.U. Onuchko

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Interfaith Consensus as the Basis of Kazakhstan Stability

Abstract. The article is devoted to the analysis of Kazakhstan's experience in the formation of a model of interfaith harmony as a factor of stability. The authors analyzed the formation and development of state policy in the field of inter-confessional and state-confessional relations by analyzing sociocultural and legal mechanisms based on scientific principles.

The features of measures to combat the conflict of Kazakhstan's secularism and sectoral nature are disclosed. It also describes the role of the Assembly of the People of Kazakhstan in ensuring peace and harmony in a multi-ethnic and polyconfonic society.

The article contains valuable information for political scientists, religious scholars, sociologists, lawyers, students and undergraduates studying in social and humanitarian specialties, as well as for public servants involved in the regulation of state and inter-confessional relations, and other members of the community interested in this matter.

Keywords: confessional consent, secular state, religious dialogue, tolerance.

References

1. N. A. Nazarbayev. *Kriticheskoe desyatiletie [Critical decade]*. (Publishing center Atamura, Almaty, 2003).
2. N. A. Nazarbayev. «Kazakhstan - 2030», процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана [«Kazakhstan - 2030» prosperity security and ever growing welfare of all the Kazakhstanis. Address of the President of the Republic of Kazakhstan], *Kazakhstanskaya pravda [Kazakhstan Truth]*. 11.10.97.
3. N. A. Nazarbayev. *Na poroge XXI veka [On the dawn of XXI century]*. (Publishing center Almaty Oner, Almaty, 1996).
4. Bubnovich N. *Religiya i obszhechelovecheskie cennosti [Religion and universal values]*, *Mysl [Thought]*, 3, 39-42, 1995.
5. Cepkova I.B. *Politika i religiya [Policy and religion]*. (Publishing center Atamura, Almaty, 2003).
6. Mashan M. *Vozmozhnaya rol Kazakhstana v mezhreligioznom dialoge [Possible role of Kazakhstan in Inter-religious dialogue]*, («Globalnoe upravlenie na povorotnom etape: innovacionnye podxody k ustanovleniu mira v izmenyuszhemsya obszhestve [Global management on a turning point: innovative approaches to peace-making in the changing society], Almaty, International scientific-practical conference, 27.07.2003.
7. Zhusipov B.S. *Respublika Kazakhstan: problemy politiki bezopasnosti [Republic of Kazakhstan: problems of the security policy]*. Editor T.S. Sarsenbaeva (Publishing center Atamura, Almaty, 2001).
8. Kolchigin S.U. *Buddizm, Religii v Kazakhstane: xrestomatiya v 2 chastyax [Religions in Kazakhstan: 2 chapters anthology] Part 2*. Compiled by Artemyev A.I., Kolchigin S.U., Cepkova I.B. (Publishing center Atamura, Almaty, 2003).
9. Sidorov O. *Religiozniy factor v RK [Religious factor in RK]*. Available at: <http://www.Gazeta.kz> (accessed: 10.09.2019).
10. Muxashov A. *Svyatoi prestol i strategiya mira [Saint throne and strategy of peace]*, *Kazakhstanskaya pravda [Kazakhstan Truth]*, 28-29.08. 2001.
11. *Deklaraciya Siezda mirovyx religii v Astane [Declaration of a Congress of world religions in Astana]*. Available at: <http://www.dialog.inform.kz> (accessed: 10.09.2019).

Авторлар туралы мәлімет:

Досмахамбетұлы F. - «Саясаттану» мамандығының 2 курс докторанты, Журналистика және саясаттану факультеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан.

Онучко М.Ю. - Журналистика және саясаттану факультеті саясаттану кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Dosmakhambetuly G. - 2-year PhD student of the specialty: "Political Science", Faculty of Journalism and Political Science, LN Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev St., Nur-Sultan, Kazakhstan.

Onuchko M.Yu. - Professor, Department of Political Science, Faculty of Journalism and Political Science, L.N. Eurasian National University Gumilyov, 6 Yanushkevich St., Nur-Sultan, Kazakhstan.